

Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 ақпандағы № 18 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 наурызда № 8070 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген, 2010 жылғы 19 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері, қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін оны Ақтөбе облысы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні			
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	155,0
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	450,1
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	125,0
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	122,2
5.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	15,05
Торғай, Ырғыз өзендері бассейні			
7.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	134,6
8.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	379,0
9.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	104,3
10.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	104,3
11.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
12.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	-

Ескертпе: Төлемақы мөлшерлемелері сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.